



«Бекітемін»

Мектеп директоры:

М.Калменов

М.Калменов

24.11.2022 жыл

«Бақытқа жол!»

тақырыбындағы психологиялық саулықты жақсарту айлығының
БАҒДАРЛАМАСЫ

Мақсаты:

- Мектепте және отбасында балаларға қолайлы жағдай туғызу;
- Жасөспірімдерді психикалық қысымнан шығаруда ата-аналарға көмектесу;
- Білім беру мекемелерінде аутодеструктивті жағдайлардың алдын алу;
- Мектеп ұжымдарында психологиялық ағарту шараларын ұйымдастыру;
- «Мектеп-отбасы» ынтымақтастығын нығайту.

Өтетін мерзімі: 2022 жыл, желтоқсан айы.


Қосымша №1

p/c	Іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Орындаушылар
Ұйымдастырушылық кезең			
1	«Адамның психологиялық саулығы» тақырыбында ақпараттық стенд жасау	01.12.2022ж	Мектеп әкімшілігі
2	Айлық барысында өткізілген іс-шаралар туралы әлеуметтік желілерде, мектеп сайтында жариялап отыру	Ай бойы	Баспасөзге жауапты маман Бекжанова П
Айлықтың негізгі шаралары			
1	Айлықтың салтанатты ашылуы.	01.12.2022ж	Мектеп директоры М.Калменов
2	Педагогтарға арналған семинар. «Конфликт және оның адамның психологиялық саулығына әсері»	Әр аптаның сейсенбі күні	Педагог-психолог Ж.Дуйсенова. У.Култаева.
3	Оқушылар арасында медбикемен, ИДН қызметкерлерімен кездесу ұйымдастыру (5-11 сыныптар)	Тәрбие сағаттарында	ДТЖО П.Бекжанова, 5-11 сынып жетекшілері
4	Тәрбиелік шаралар өткізу: Сұқбат. «Сенің қолыңнан келеді» (4-сыныптар);	02.12.2022ж	4 а,ә,б, сынып жетекшілері
	Ойын-саяхат. «Саулық әлемінде» (2-3 сыныптар);	05.12.2022ж	2 а,ә,б 3 а,ә,б,в сынып жетекшілері
	Лекция. «Сән және саулық» (10-сыныптар);	06.12.2022ж	10 а,ә сынып жетекшілері
	Ойлану сабағы. «Абайдың қара сөздері» (6-сыныптар);	07.12.2022ж	6 а,ә,б,сынып жетекшілері
	Сұқбат-диалог. «Досың кім екенін айтсаң, сенің кім екенінді айтамын» (7-сыныптар);	08.12.2022ж	7 а,ә,б сынып жетекшілері
	Сыныптың ата-аналар жиналысы. «Жасөспірім тәрбиесі» (5-9 сыныптар)	09.12.2022ж	5-6-7-8-9 сынып жетекшілері

	Сынып сағаты. «Адамның тәрбиесі – оның бет-әлпетін көрсететін айна» (8-сыныптар);	12.12.2022ж	8 а,ә сынып жетекшілері
	Этикет сағаты. «Бір-бірімізге комплимент айтайық!» (9-сыныптар);	13.12.2022ж	9 а,ә,б сынып жетекшілері
	Суреттер коллажы. «Мен және анам» (1-11 сыныптар);	14.12.2022ж	Тәлімгер Б.Мауленбаева.
Әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық қызмет шаралары			
5	Психологиялық тренинг. «Біз сондай қызықпыз!» (5-6 сыныптар);	15.12.2022ж	Педагог-психолог Ж.Дуйсенова. У.Култаева.
	Ашық әңгіме. «Махаббат өмірдің бастауы» (10-11 сыныптар);	15.12.2022ж	10-11 Сынып жетекшілері
	Ата-аналарға арналған практикum. «Агрессиялы жасөспірім: оның пайда болу себептері»;	20.12.2022ж	Педагог-психолог Ж.Дуйсенова. У.Култаева.
	Пікірталас. «Өз денсаулығыңды сақтау керек пе?» (7-9 сыныптар);	20.12.2022ж	Медқызметкер Уразова Б
	Психологиялық ойын. «Егер де мен...» (5-6 сыныптар);	21.12.2022ж	Педагог-психолог Ж.Дуйсенова. У.Култаева.
	Ата-аналарға арналған топтық кеңес. «Қиын өмірлік жағдайдан қалай шығуға болады?»;	21.12.2022ж	Әлеуметтік педагог. Еримбетова А
	Ата-аналар сағаты. «Отбасылық қарым-қатынас. Оқушы жарғысы»;	22.12.2022ж	Әлеуметтік педагог. Еримбетова А
	Педагогикалық әдеп сағаты. «Педагогикалық әдеп және оның ұжымдағы ықпалы».	22.12.2022ж	Педагог-психолог Ж.Дуйсенова. У.Култаева.
6	Айлықтың салтанатты жабылуы. Қорытындылау, марапаттау.	23.12.2022ж	Мектеп әкімшілігі
7	Адами әлеуетті дамыту бөліміне мәлімет тапсыру	27.12.2022ж	Педагог-психолог Ж.Дуйсенова. У.Култаева.

ДТЖО:

П.Бекжанова.
М.Аукенбаева.



Бұйрық № 180

«27» «10» 2022 жыл

№ _____


**«Бақытқа жол!» психологиялық
саулықты жақсарту
айлығының қорытындылары туралы**

2022 жылдың желтоқсан айында аудан деңгейінде Балалар жылына орай және оқушылар арасында өзіне-өзі қол салу фактілерінің алдын алу, балалар арасында көңілді орта құру, адамның психологиялық саулығын жақсарту мақсатында «Бақытқа жол!» тақырыбында айлық ұйымдастырылып, өткізілді. Айлықтың бағдарламасына сәйкес «Сенің қолыңнан келеді!» (сұқбат), «Саулық әлемінде» (ойын-саяхат), «Сән және саулық» (лекция), «Абайдың қара сөздері» (ойлану сабағы), «Досың кім екенін айтсаң, сенің кім екенінді айтамын» (сұқбат-диалог), «Адамның тәрбиесі – оның бет-әлпетін көрсететін айна» (сынып сағаттары), «Бір-бірімізге комплименті айтайық!» (этикет сабағы), «Мен және анам» (суреттер коллажы), «Біз сондай қызықпыз!» (тренингтер), «Махаббат – өмір бастауы» (ашық әңгіме), «Агрессиялы жасөспірім: оның пайда болу себептері» (ата-аналарға арналған практикум), «Өз денсаулығыңды сақтау керек пе?» (пікірталас), «Егер де мен...» (ойын), «Қиын өмірлік жағдайдан қалай шығуға болады?» (ата-аналарға арналған топтық кеңес), «Отбасылық қарым-қатынас. Оқушы Жарғысы» (ата-аналар сағаты), «Педагогикалық әдеп және оның ұжымдағы ықпалы» (педагогикалық әдеп сағаты) тақырыптарында іс-шаралар жүргізілді. Айлық барысында 6 «ә» сынып жетекшісі Майрихова М, 7 «б» сынып жетекшісі Еримбетова А, 7 «ә» сынып жетекшісі Мауленбаева Б .8 «ә» сынып жетекшісі Кожикова Дилроза іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастырып, белсенділік танытты.

Жоғарыдағыларды қорытындылай келе, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Аудандық деңгейдегі «Бақытқа жол!» атты айлық қанағаттанарлық деңгейде өткізілді деп есептелсін.
2. Айлыққа белсене қатысып, өз шығармашылығын, ұйымдастырушылық қабілетін көрсете білген және тәжірибесімен бөліскен сынып жетекшілері марапатталсын: Майрихова М, Мауленбаева Б, Еримбетова А, Кожикова Д.
3. Осы бұйрықтың орындалу жауапкершілігі педагог-психологтар Ж.Дуйсенова және У.Култаева, бақылау мен басшылық мектеп директоры М.Калменовқа жүктелсін.

Мектеп директоры:

 М.Калменов.

Орындаған:Ж.Дуйсенова

